


КЕЛІСІЛДІ

«Сарыарқа дарыны»
БҚБАҒПО КММ
директоры

 Н. Ашыкбаев
2023 ж. «__» __»

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ
басшысы

 Е. Әшім
2023 ж. «__» __»

БЕКІТЕМІН

«№1 балалар өнер мектебі»
-ЮНЕСКО клубы КМҚК
директоры

 С. Елешева
2023 ж. «__» __»

**Балалар музыка мектептері мен өнер мектептері оқушылары
арасында аспаптық минусовкалар жанрындағы II облыстық
«ЖАҢА ӘУЕН» байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің оқушылары арасында аспаптық минусовка жанры бойынша «ЖАҢА ӘУЕН» II облыстық байқауын (бұдан әрі – байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін айқындайды.

Байқау балаларға музыкалық білім мен тәрбие берумен айналысатын көркем-эстетикалық бағыттағы бірлестіктер мен педагогикалық қызметкерлер арасында шығармашылық байланысты қалыптастыруға ықпал етеді.

Байқауға қатысуға Қарағанды қаласының балалар музыка мектебі мен өнер мектебінің аспаптық бөлімдерінің оқушылары шақырылады.

Байқауды ұйымдастырушылар:

- «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық даму орталығы;
- Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№1 балалар өнер мектебі» - ЮНЕСКО клубы КМҚК.

Сайыстың мақсаты:

- оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу; балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің аспаптық бөлімдерінің (бұдан әрі – БММ және БӨМ) беделін көтеру үшін жағдай жасау;
- Қазақстан композиторларының шығармаларын насихаттау және танымал ету.

Сайыстың міндеттері:

- балаларды қосымша білім беру жүйесінде музыка сабағына тарту, олардың бос уақытын ұйымдастыру;
- Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау арқылы балаларды патриоттыққа тәрбиелеу;
- оқытудың заманауи технологияларын пайдалана отырып, балалар арасында эстрадалық музыкаға қызығушылықты белсендіру;
- балалар музыкалық мектептері мен балалар өнер мектептерінің балаларға қосымша білім беру педагогтары арасындағы шығармашылық байланысты нығайту;

- педагогикалық, репертуарлық және орындаушылық тәжірибе алмасу.

II. Байқаудың шарттары мен тәртібі:

2.1. Қатысушылар номинациялары:

- «Соло» номинациясы
(фортепиано, гитара, үрмелі аспаптар, ішекті-садақ, қазақ халық аспаптары, орыс халық аспаптары, соқпалы аспаптар, эстрадалық аспаптар).
- «Ансамбльдер» номинациясы
(дуэттер, триолар, квартеттер, квинтеттер), 6 - 8 адамға дейін ансамбльдер.

2.2. Қатысушылар санаты:

Байқауға қатысуға қалалық (аймақтық) кезеннің жеңімпаздары (Гран-при және I орын алғандар) шақырылады.

"Ансамбльдер" номинациясында аралас құрамға (жас және аспаптық) рұқсат етіледі.

Әрбір педагог конкурсқа қатысу үшін «соло» номинациясы бойынша 2-ден аспайтын қатысушыны және балаларға арналған қосымша білім беретін бір ұйымнан (БММ және БӨМ) «ансамбль» номинациясы бойынша 2-ден аспайтын ұжымды мәлімдеуге құқылы.

2.3. Қатысушылардың жас санаттары:

Оқушылар:

- кіші жас санаты – БММ мен БӨМ 1-3 сынып оқушылары;
- орта жас тобы – БММ мен БӨМ 4-5 сынып оқушылары;
- үлкен жас тобы - БММ мен БӨМ 6-9 сынып оқушылары.

2.4. Байқауды өткізу тәртібі.

- байқау бір кезеңде – офлайн түрде **2023 жылдың 18 сәуірінен 22 сәуіріне дейін** өткізіледі.

- өтінімдер **2023 жылдың 12 сәуіріне** дейін қабылданады.

Қатысуға өтінімдер (word форматында) төмендегі нысан бойынша (Қосымша № 1, № 2) kanaikina73@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі.

Хат тақырыбы: «**ЖАҢА ӘУЕН**» байқауы.

Қате толтырылған өтініштер қарастырылмайды. Қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

8-700-147-21-29; 8-701-613-19-73; **Канайкина Анна Валентиновна** - оркестр бөлімінің меңгерушісі.

2.5. Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар:

Кез келген жанр мен стильдегі бір шығарма орындалады, жалпы ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

Халық музыкасының заманауи өңдеуде орындалуы құпталады.

III. Бағалау критерийлері:

- орындалатын пьесаның солисттің немесе ансамбль мүшелерінің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- қатысушылардың орындау мәдениеті мен техникалық дағдыларының деңгейі;
- ұсынылған шығарманы орындауда өзіндік ерекшелігі мен даралығы;
- дыбыстаудың ансамбльдік үйлесімділігі;
- қатысушы(лардың) әртістік шеберлігі мен шығармашылық даралығы, номерді безендіру (костюмдер, реквизиттер).

IV. Байқаудың қазылар алқасы:

Қатысушылардың өнерін кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

Қазылар алқасының құрамы Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының білікті педагогтарынан құралады.

Қазылар алқасы шешімінің нәтижелері талқылауға және қайта қарауға жатпайды.

V. Байқау қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды марапаттау:

Бағдарламаны тыңдау қорытындысы бойынша қазылар алқасы байқау жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары **I, II, III дәрежелі** дипломдармен марапатталады, **Гран-при** иегері анықталып жетекшілері «Сарыарқа дарын» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының алғыс хаттарымен марапатталады.

Ұйымдастыру комитетімен келісе отырып, қазылар алқасы байқаудың дипломанттарының санын өзгертуге құқылы, сонымен қатар номинациялар да беріледі. Жүлделі орын алмаған қатысушылар сертификат алады.

Қосымша №1
(солистер)

«ЖАҢА ӘУЕН»
аспаптық минусовка жанры бойынша қалалық байқауға қатысу
үшінөтінім

1. Қатысушының аты-жөні _____
2. Туған күні, айы, жылы _____
3. Жас санаты _____
4. Аспаптың аты _____
5. Білім беру мекемесі, сыныбы (БММ, БӨМ) _____
6. Оқытушының аты-жөні (толық), ұялы телефоны, электронды поштасы _____
7. Мектебінің мекен-жайы, телефоны (электронды поштасы) _____
8. Сайыстағы бағдарламасы _____
9. Уақыты _____

Өтінім берген күні: _____

Қосымша №2
(ансамбльдер)

«ЖАҢА ӘУЕН»
аспаптық минусовка жанры бойынша қалалық байқауға қатысу
үшінөтінім

1. Ансамбльдің аты _____
2. Қатысушылар саны _____
3. Білім беру мекемесі (БММ, БӨМ) _____
4. Мектебінің мекен-жайы, телефоны (электронды поштасы) _____
5. Жетекшінің аты-жөні (толық), ұялы телефоны, электронды поштасы _____

6. Сайыстағы бағдарламасы

	Авторы	Шығарманың атауы

7. Уақыты _____

8. Қатысушылар тізімі

	Қатысушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы

Өтінім берген күні: _____